

МРНТИ: 15.41.39

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7847.23>

Аутаева А.Н.,¹ Бекмұрат А.Т.^{1*}

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖАҒЫНЫҢ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Қазіргі таңда балалардағы жиі кездесетін бұзылулардың бірі – аутизм. Аутизмді анықтауда 3 негізгі белгі бар: әлеуметтік өзара қарым-қатынас құрастырудың жоқтығы; коммуникация жасау қабілетінің бұзылуы және стереотиптік мінез – құлықтың болуы. Осы белгілердің ішінде сөйлеу алу қабілетінің дамуындағы бұзылыстар ерекше орын алады. Сөйлеу тілі арқылы адамдармен қарым-қатынас жасау процесі жүреді, аутист баланың жеке қасиеттері дамиды және баланы қоғамға кіріктіртгізеді. Сондықтан, бұл мақалада аутизмді бар балаларды түзетуде сөйлеудің лексикалық-семантикалық жағын теориялық талдау және сипаттау әрекеті жасалды.

Түйін сөздер: аутизм спектрі, диагностика, сөйлеу тілі, лексико-семантика, ерекшеліктер

Аутаева А.Н.,¹ Бекмурат А.Т.^{1*}

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКОЙ СТОРОНЫ РЕЧИ ДЕТЕЙ С АУТИЗМОМ

Аннотация

Одним из распространенных расстройств у детей сегодня является аутизм. В определении аутизма выделяют 3 основных признака: отсутствие построения социальных взаимоотношений; нарушение способности к коммуникации и наличие стереотипного поведения. Среди названных признаков особое место занимает нарушения в речевом развитии. Именно через речь происходит конструирование коммуникации и развивается личностных качеств аутичного ребенка и интеграция его в общество. Поэтому в данной статье предпринята попытка теоретического анализа и описания лексико-семантической стороны речи, в коррекции детей с аутизмом.

Ключевые слова: спектр аутизма, диагностика, коммуникация, лексико-семантика, особенности

Autaeva A.N.,¹ Bekmurat A.T.^{1*}

¹Kazakh National Pedagogical University named after Abai,
Almaty, Kazakhstan

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF THE LEXICAL AND SEMANTIC SIDE OF THE SPEECH OF CHILDREN WITH AUTISM

Abstract

One of the most common disorders in children today is autism. In the definition of autism, there are 3 main signs: the lack of building social relationships; a violation of the ability to communicate and the presence of stereotypical behavior. Among these signs, a special place is

occupied by disorders in speech development. It is through speech that communication is constructed and the personal qualities of an autistic child are developed and integrated into society. Therefore, this article attempts a theoretical analysis and description of the lexico-semantic side of speech, in the correction of children with autism.

Keywords: *autism spectrum, diagnosis, communication, lexico-semantic, features*

Кіріспе. Аутизм деп жеке тұлғаның ойлау қабілеті, қоршаған ортаны қабылдауы мен оған назар аударуы және әлеуметтік дағдылары мен тұлғаның мінез-құлқына әсер ететін неврологиялық сипаттағы дамудың бұзылуы болып есептеледі. Әрине, мұндай анықтама аутизм жөнінде өте аз мәлімет береді. Және де көптеген аутизмге қатысты зерттеулерде аутизмді бар балаларды диагностикалау және бала дамуының процесстері баяндалған

Аутизмге сипаттама берген кезде Аурулардың халықаралық жіктемесінен немесе психикалық бұзылыстарды диагностикалау және статистика жөніндегі нұсқауды (DSM-IV-TR) негіз ретінде алады. Бұл аутизм туралы сипаттамалары оны түсініп, басқалардан ажырату үшін емес, диагноз қоюға арналған құрал.

Аутизмнің ерекшелігі оның адамның дамуында аутизм синдромы бар деп айтуға мүмкіндік беретін бірнеше белгілердің болуы. Бұл аутизмді бар адамдардың көп түрлілігіне және анықтауға қиындық туғызады. Мәселен, кейбір аутизмді бар адамдағы аутизм белгісі (мысалы, эхолалия, мутизм, стереотипті қозғалыс) басқа адамдарда болмауы мүмкін. Осындай көріністегі қиындықтарға қарамастан дұрыс диагноз қою үшін аутизмге диагностикалық нұсқаулықтарды құрастырушылар барлық ауыспалы, яғни, кейде байқалатын, кейде мүлдем болмайтын белгілерді алып тастауы қажет. Диагностикалау барысында ең негізгі әрі маңызды белгілерін ескеруі тиіс.

Ағылшындық зерттеушілер (Лорна Винг және Джудит Гулд (Doctor Wing and Gould, 1979) өздерінің 1979 жылы жарық көрген революциялық мақаласында "бұзушылықтың үштігін" атты аутизмді анықтаудағы жаңа концепция ұсынды. Бұны кейде "Камбервеллдік зерттеу" деп те атайды [1, 25-б.]. Олар алғаш рет аутизмді бар балаларда кездесетін аутизмнің негізгі белгілерін ажыратып көрсетті. Сондай-ақ, зерттелген аутизмді бар балалардың барлығында болған бұзылыстарды үш негізгі бағытқа жіктеген. Олар:

1. Адамдармен қарым-қатынас жасау қабілетінің бұзылысы. Яғни, өз құрдастарымен немесе басқа адамдармен жасына сәйкес әлеуметтік байланыстарды орната алмауы.

2. Әрмен қарай дамытуды қажет ететін іс-әрекеттің орнына стереотиптік немесе қайталанатын мінез-құлыққа деген құштарлық.

3. Сөйлеу тілінің болмауы немесе кешігуі. Кейбір аутизмді бар балалардың сөйлеуінде өзіндік ауырмашылықтары бар болады

Винг пен Гулдтың мақаласында алғаш рет "аутизм спектрі" деген тіркесті сөз қолданған. Олар кейіннен стереотиптік мінез-құлықты "әлеуметтік қарым-қатынастың" бұзылуына жатқызды. Олардың осы «бұзылыстардың триадасы» - аутизмнің алғашқы және негізгі сипаттамасы болып есептеледі.

Ал Аурулардың халықаралық жіктемесінен немесе психикалық бұзылыстарды диагностикалау және статистика жөніндегі нұсқаулықта (DSM-IV-TR) сәл күрделі формуланы қолданып, аутизмнің белгілерін үш санатқа негізделген

1. Әлеуметтік өзара қарым-қатынастың бұзылысы. Оған заттарды, ойыншықтарды бөлісу, достық қарым-қатынасты сақтау, жақындарымен сөйлесу және т.б. жатады.

2. Коммуникация жасау қабілетінің бұзылысы.

3. Қызығушылықтың төмен болуы мен стереотиптік мінез – құлықтың болуы.

Аутизмді анықтауда ерекше белгілернің бірі болған – коммуникация жасау қабілетіне тоқталсақ. Аутизмді бар балалардың сөйлеу қабілетінде әртүрлі ерекшеліктер бар. Олардың басым көпшілігінде сөйлеу бұзылысының әртүрлі деңгейінде көрінеді. Және сөйлеудің толық сақталған, ешбір бұзылыссыз күйі өте аз кездеседі (Anderson et al., 2007; Pickles et al., 2014). Аутизмді бар балалардың, шамамен 25-30%-ы адамдармен сөйлесу үшін жеке

сөздер мен тұрақты тіркестерді қолдана отырып, минималды вербальды түрде сөйлеседі (Pickles et al., 2014; Tager-Flusberg and Kasari, 2013) [2, 25-б.] Коррекциялық жұмыстарды ерте бастағанның өзінде, аутизмі бар балалардың экспрессивті сөйлеуінде айтарлықтай бұзылыстар байқалады. (Perry et al., 2010; Eapen et al., 2013; Howlin et al., 2009; Stahmer et al., 2011).

Австриялық психологы U. Frith (Фрит, 1989) аутист балалардың сөйлеу алу қабілетінің қиындықтар фонетикалық және синтаксистік салада емес, сөйлеуді түсіну және мағынасын ұғыну қабілетін қамтамасыз ететін *семантикалық жағымен* байланысты екенін тұжырымдады. Және сөйлесе алу коммуникативті мақсаттарда пайдалану мүмкіндігімен байланысты прагматика деңгейімен түсіндірді [3]. Мұндай сөйлеудің бұзылысы, әрине, шешуді қажет ететін үлкен проблема болып табылады, өйткені олар аутист баланың онсызда шектеулі коммуникативті мүмкіндіктерін азайтады және нәтижесінде оның қоғамға бейімделуін қиындатады. Бұл бұзылыстар баланың эмоционалды дамуы, одан соң қарым-қатынас жасау дағдысын қиындатып, аутист баланы ортаға әлеуметтендіруді және оларды оқытуды күрделендіреді (Баенская, Либлинг, 2001; Башина, 1993; Лебединский, Никольская, Баенская, Либлинг, 1990; Питерс, 2002).

Сөйлеу тілінің лексико-семантикалық жағынан дамуы әртүрлі интеллектуалды тесттерінің ауызша бөлімдерінде ең көп кездесетін бөлігі болып табылатындықтан, аутизмі бар балалар үшін де бұл лексикалық және семантикалық жағы маңызды болып есептеледі. Аутизмі бар балалардың сөйлеу тілінің лексико-семантикалық жағының қабілеттерін тексерген зерттеулердің қорытындысы, ортақ бір шешімге келе алмады, яғни, кейбір зерттеушілер аутизмі бар балалардың лексико-семантикалық жағы бұзылмаған десе (Begeer et al., 2013; Bowler et al., 2009; Cantiani et al., 2016; Dunn et al., 1999; Ellawadi et al., 2017; Fiebelkorn et al., 2013; Groen et al., 2010; Kamio et al., 2007; Knaus et al., 2008; Speirs et al., 2011; Walenski et al., 2008), ал басқалары қатты бұзылған деп санайды (Alghazo et al., 2018; Battaglia, 2012; Boser et al., 2002; Hartley & Allen, 2013, 2014; Henderson et al., 2011; Lo et al., 2013; McCleery et al., 2010; Naigles et al., 2013; Norbury et al., 2010; Ropar & Peebles, 2007; Singh & Harrow, 2014; Whitehouse et al., 2007) [4, 166-б.]

Кейбір зерттеулер (Tager-Flusberg, 1981; Mottron, 2004; Sukenik, 2017; Walenski et al., 2006, 2008) іс жүзінде аутизмі бар балалардың сөйлеу тілінің лексико-семантикалық жағы бойынша тапсырмаларды орындау үлгерімі олардың басқа тілдік қабілеттерінен асып түсетінін және сөйлесу қабілетін арттыруда лексико-семантика жағының маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері Сөйлеу тілінің семантикалық жағының даму мәселесі ежелгі кезеңнен бері ғалымдар мен философтарды қызықтырып келеді. Сол кезеңнен бастап сөйлеу тілінің семантикалық жағын сипаттау әрекеттері бірнеше рет тұжырымдалды. Алғашқы талпыныстардың бірі ретінде философиялық тілді құру идеясы болып табылады.

Ю.А. Левицкий лингвистикалық тұрғыдан зерттеулерінде сөйлеу тілінің семантикалық жағының жүйесін барын көрсететін бірқатар фактілерді көрсетеді. Ол негіз ретінде мына мысалды келтіреді: егер сіз студенттерге қысқаша әңгіме айтып беріп, оларға түсінігін немесе қағазға жазуды сұрасаңыз, онда екі бірдей қайталанған түсінік болмайды. Сондай-ақ, жүз пайыздық ықтималдылықпен олардың ешқайсысы бастапқы нұсқадағыдай сәйкес келмейтінін нық сеніммен айтуға болады. Осы мысалды қолдана отырып, Ю.А. Левицкий адамдар, әдетте, келген ақпараттың белгілі бір тілдік формасын емес, оның мағынасын есте сақтайтындығын көрсетті.

Онтогенезде сөйлеу тілінің семантикалық жағынан қалыптасуын А.М. Шахнарович, Н.М. Юрьева, Е.С. Кубрякова, Н.В. Уфимцева, С.Н. Цейтлин, М.М. Кольцова, Л.С. Выготский, А.Р. Лурия, Г.Л. Розенгарт-Пупко, Н.Х. Швачкин, А.К. Маркова, Т.Г. Аркадьева, И.Н. Горелов және т. б. зерттеушілер өз жұмыстарында қарастырған [5, 10-б.]. Бұл зерттеушілер сөйлеу тілінің семантикалық жағының қалыптасуы сатылы түрде

жүретінін жазады. Семантикалық жағының дамуына әсер ететін негізгі факторларға баланың өз білімін практикалық түрде қолдануы, ойын әрекеті және ересектермен қарым-қатынасқа түсуі екенін анықтады. Сонымен қатар, бұл жүйенің даму қарқыны бірқатар объективті биологиялық себептермен анықталады. Ол себептерге сөйлеудің қалыптасуына жауап беретін ми бөлімдерінің даму уақыты мен мидың функционалды интерполярлы асимметриясына жетілуіне байланысты

Л.С. Выготский өз еңбектерінде, әрбір сөз күрделі құрылымға еніп, семантикалық желінің орталығына айналады. Әрмен қарай, «семантикалық өріс» құралып, ол жаңарып отырады. Мәселен, бала алдымен нақты мағынасы бар жеке сөздерді үйренеді, оны қолданыс барысында көруге болады. Артынан, сол сөздердің мағынасы мен жалпылауы заңды түрде өзгереді, әрі күрделене түседі

Әрине, сөздер жеке затты, оның сапасын немесе әрекетті білдіреді, алайды оны "белгі", "заттың аты" деп санауға болмайды. Өйткені, сөздің семантикалық құрылымы әлдеқайда күрделі болып табылады.

Сөз кез-келген затты айшықтап көрсетеді. Сонымен қатар, айтылған затқа бірқатар қосымша байланысы бар басқа да сөздердің пайда болуына әкеледі. Айтылған бір ауыз сөз онымен байланысты басқа да сөздердің кең желісі үшін орталыққа айналады. Сол басқа да сөздер қолданылу жағдайына байланысты өзгеріп тұрады.

А.Р. Лурия жеке сөздер мағыналық жағынан өзіндік даралануы бала өмірінің екінші жылының ортасынан немесе соңына қарай пайда болады деп пайымдаған. Сөйлеу тілінің дамуының алғашқы кезеңдерінде балалардағы сөздер біршама аморфты құрылымда болады және бұлыңғыр мағынаға ие.

D. Slobin, J. Green балалардың тілді меңгеруін бақылай отырып, балалар өздерінің сөйлеу тәжірибесіне сүйене отырып және басқалардың сөзін қабылдай отырып, өздерінің сөйлеу стратегияларын дамытады, әрі белгілі бір тілдік модельдер жасайды деп тұжырымдаған. Әртүрлі қарым-қатынас жағдайларында әртүрлі сөйлеу конструкцияларын қолданып, қоғамда қабылданған дұрыс нұсқаларды іздейді және соған сай қарым-қатынас жасайды.

Г.П. Антонова пен И.П. Антонов өз зерттеулерінде баладағы сөздердің логикалық байланысы жетекші іс-әрекет жасау кезінде нақтыланатынын көрсетті. Және сол сөздер мектепке дейінгі жаста ойлану қабілеті мен тілді меңгеру процесінде одан сайын айшықталады.

Сөйлеу тілі айналанысын білген сайын қалыптасады. Бала дамуының ерте кезеңдерінде бала үшін күрделі ұғымдарды (метафоралар, эпитеттер, фразеологиялық тіркестер, салыстырулар және т.б.) түсіну объективті түрде болады. Олар қабылданатын объектінің логикасына, мәніне, айтылған сөзден кейінгі эмоцияға байланысты. Тек кейінірек, мектепке дейінгі жаста сөздерді толық түсінуге қабілетті болады.

Ал А.Р. Лурия болса, мектепке дейінгі кезеңде сол күрделі атауларды толық түсіну бала үшін әлі қол жетімді емес деп жазды. Өйткені, осы жас кезеңінде ойлаудың сапалық жаңа деңгейі – әлемді бейнелі түрде қабылдауы басталып, ол күрделі сөздерді ұғыну енді ғана қалыптаса бастайды деп көрсетті.

Осылайша, сөйлеу тілінің семантикалық жағының қалыптасу механизмдері ойлаудың дамуымен тығыз байланысты деп қорытынды жасауға болады.

Н.Н. Поддяков мектеп жасына дейінгі балаларда визуалды-бейнелі ойлау қабілеті негізінде логикалық-ауызша ойлау қалыптаса бастайтынын, ол көптеген бала жасындағы қиындықтарды шешуге, белгілі бір ғылыми білімді игеруге мүмкіндік беретінін айтады [6].

Балалардың сөйлеу тілінің лексико-семантикалық жағының күрделі сөздерінің (метафоралар, эпитеттер, фразеологиялық тіркестер, салыстырулар және т.б.) қалыптасуы (онтогенездің әртүрлі кезеңдерінде) келесідей жүреді: біріншіден, күрделі атаулардың қарапайым формалары, содан кейін – мағынасы жоғары дәрежелі келетін тұрақты

тіркестер қалыптасады (метафоризация). Одан кейін сөздерді салыстыру пайда болады (1 жыл 8 ай – 1 жыл 10 ай аралығында). Артынан, үш жасында балалар сөздерді толық қолданады. Фразеологиялық бірліктерді игеру сәл кешірек басталады. Ал төрт жасында семантика бойынша қарапайым құрылымдарды игеру басталады. Алты-жеті жасында балалардың сөйлеуінде метафоризацияның жоғары дәрежесі бар сөз тіркестер кездеседі.

Т.Г. Дьяконова, А.Н. Гвоздева, М.Р. Львова, Г.В. Пархоменко, М.А. Рыбниковой, Т.Н. Ушакованың деректері бойынша балалардың орташа сөздік қоры:

- бір жастағы балада – 15 - тен 30-40 сөзге дейін;
- 3 жастағы балада – 100 - ден 1000 сөзге дейін;
- 4-5 жастағы балада – 1000-нан 4000 сөзге дейін;
- 6-7 жастағы балада – 3000-нан 7000 сөз (кейір балаларда 12000-ға дейін).

Аутизм спектріндегі семантикалық бұзылыстар сөздерді есте сақтауда емес, сөздерді жіктеу мен сөзге жауап қайтаруда, дұрыс сөзді қолдануды ұйымдастыруда, сөздің толық мағынасын қолдануға қатысты болып табылады (Tager-Flasberg, 1981). Сондай-ақ, семантикалық бұзылыс аутизмнің ауырлығына және баланың танымдық қабілетіне байланысты.

Аутизмі бар балалардағы семантикалық бұзылыстарға қатысты әртүрлі зерттеулердің нәтижелері лексиканың шектеулі екенін және қалыпты дамып келе жатқан балалардың сөздік қорынан өзгеше болып көрінетінін көрсетеді, ал жоғарғы функцияналды аутист балалар мен жасөспірімдер the Peabody Picture Vocabulary Test сияқты тесттерде жақсы деңгей көрсетті (Dunn & Dunn, 1981; Tager-Flasberg, 1981; Menuyk & Quill, 1985; Quill, 1995).

Menuyk & Quill (1985) және Quill (1995) аутизмі бар балалар сөздердің мағыналарын категорияларға бөлуді ұйымдастыра алмайды деп болжайды, ал Minshew & Goldstein (1993) жоғары функцияналды аутизмі бар балалар қалыпты дамыған балалар сияқты ұқсас мағыналы сөздерді категорияларға бөлуді қолдана алады деп ойлайды. Бұл дегеніміз семантикалық жағының, әсіресе, мағыналарды жіктеу мен түсінуге қатысты әртүрлі бұзылыстардың барын көрсетеді.

Bernstein және Teigerman (1993) аутизмі бар балаларда ұғымдар категорияларын құруда және объектілер арасындағы байланысты түсінуде қиындықтар барын айтады. Сондай-ақ, аутизмі бар балалар сөздерді есте сақтауда әртүрлі стратегияларды қолданады және мағынасын білмейтін сөздерді есте сақтағанда, сол сөзге ұқсас (мысалы, түйреуіш орнына шеге) немесе сол семантикалық категориядағы жақын (мысалы, тауықтың орнына құс) мағыналы сөздермен есте сақтайды. Ал керісінше, қалыпты дамуы бар балалар өздері білмейтін сөздердің мағынасын түсіндіру үшін, оны қолданылуын сипаттайды немесе белгілі бір нысанды көрсетеді болмаса оны басқа нәрсемен салыстырады.

I. Vogindroukas, V. Papageorgiou және P. Vostanis аутизмі бар балалардың сөздік қорын тексеріп, сөздерді қолданудағы ерекшелігі мен сөздердің семантикалық байланысын зерттеген [7, 200-б.]. Заттарды атау кезінде жіберілген қателерді анықтау үшін әртүрлі бағыттағы сөздер қолданды: семантикалық, әлемдік сөздер, фонемалық-неологизмдер, жаңа сөздер құрастыру, мағынасы көп аз сөздер тобы. Балалар дұрыс сөзді білмеген немесе есіне түсіре алмаған кезде тақырыпты қалай атайтындығы жазылып, талдаған. Сондай-ақ, барлық балалар үшін қиын ұғымдар мен оларды белгілеу үшін қолданылған сөздер де жазылған.

Жоғарыда аталған зерттеушілер (I. Vogindroukas, V. Papageorgiou және P. Vostanis) аутизмі бар балалардың сөздік қорларындағы сөздердің семантикалық байланыс зерттеу үшін мына әдістерді қолданған:

- Аутизмі бар балаларға диагноз қою DSM-IV критерийлері негізінде жасалған (APA, 1994). Балалар психиатрдан, психологтан және логопедтен тексеруінен өтген;
- Аутизм диагнозын қоюда қосымша ретінде аутизмге арналған диагностикалық сұхбатпен (Autism Diagnostic Interview Revised (ADI-R) және де ата-аналарға және негізгі

камқоршыларына арналған стандартталған сұхбатпен толықтырылған (Lord et al., 1994). Бұл сұхбаттар арқылы аутист баланың әлеуметтік өзара әрекеттестігін, қоғаммен қарым-қатынасын, шектеулі және қайталанатын мінез-құлықтың жеке бағаларын анықтау үшін қолданылған.

- Сөздерді іздеу тесті (The Word Finding Vocabulary Test (Renfrew, 1995) балалардың объектілерді және оны қолдану механизмдерді атау қабілетін бағалау үшін қолданылған. Бұл ертегілерден, балалар кітаптарынан және балалар мультфильмдерінен таңдалған 50 суреттен тұратын стандартталған құрал. Оның мақсаты – 3 жас 3 айдан 8 жас 6 айға дейінгі балалардың сөздік қорын бағалау

- Балалардың зияткерлік қабілеттері балаларға арналған Wechsler интеллектінің шкаласы бойынша бағаланған (the Wechsler Intelligence Scale for Children – Revised (WISC–R, Wechsler, 1990 және 1992), ол екі кіші топта ұйымдастырылған тесттерден тұрады: ауызша және орындаушылық. Ол балалардың зияткерлік қабілеттерін ауызша, әрекетті орындау және толық IQ ауқымлық көрсеткіштеріне сәйкес өлшейді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Сөйлеу тілінің семантика жағы танымдық қабілеттермен, сондай-ақ адамдармен сөйлесумен және тұжырымдамалардың дәйектілігімен байланысты. Осы зерттеу аутизмі бар балалардың оқу барысында қателіктер жіберетіні одан сайын айшықталды. Қолданыстағы белгісіз, түсініксіз сөздердің жалпы саны көп. Семантикалық парафраз жасау төмен деңгейде екенін көрсетті.

Аутизмі бар балаларда объектілерді жалпылау жіктеу қатты дамымағанын дәлелдеді. Сөздерді жалпылау қабілетінің болмауы аутизмі бар балаларда объектілер мен осы объектілерге жататын санат арасында өзара қалыптасқан байланыстың болмауына әкеледі. Нәтижесінде олар категорияға жалпы атау бере алмайды. Алайда, бұл сипаттама аутизмі бар барлық балаларға қатысты болмайды, өйткені жоғары функционалдығы бар аутизмі бар адамдар категорияларға атау беріп, соған сай объектілерді жіктей алады. Олардың орталық ойлау жүйесінде ақпаратты өңдеуде бірнеше қиындықтар бар. Осы процесстің баяу болуына баланысты, аутист балалар үшін ақпараттар теңізге құйылған бұлық суындай болудың орнына, құмға құйылған бұлақ суы сияқты.

Осы зерттеуде аутизмі бар балалар кейбір объектілерді білетін, алайда объектінің нақты атын атамайтынын көрсетті. Яғни, оларға суреттің жартысын көрсеткенде, сол жарты суреттегі не байқады соны егжей-тегжей айтып береді. Ал, толық суретті көрсе, сондағы объектіні атай алады.

Бұған дейінгі және осы зерттеулерден түсінетініміз, аутизмі бар балалардың сөйлеу тілінің негізгі бұзылысы – "семантика-прагматика" болып табылады. Сөздердің мәнісі мен оны дұрыс қолдану, сөздерді дұрыс таңбалау және жазу баланың танымдық және сөйлеу қабілетін арттыратына сөзсіз.

Қорытынды. Аутизм – бала дамуының күрделі және ауыр деңгейдегі бұзылысы. Негізгі белгілеріне әлеуметтік өзара әрекеттесудің жоқтығы, өз әлемінде болуы, кей жағдайларда психопатия, ауызша және ауызша емес қарым-қатынастың жетіспеушілігі жатады. Бұдан бөлек бір істі қайталап тұра беруі, тағамды талғап ішуі, өзіндік бұзылмайтын күн тәртібімен жүруі, эхолалия және т.б. атап көрсетуге болады. Алайда бұл белгілер кейбір аутизмі бар балаларда болса, кейбірінде болмайды.

Аутизмнің ең маңызды белгісі, әрі ата-аналардың ең бірінші болып дабыл қағатын балаларының бойындағы бұзылушылық, ол – сөйлеу тілінің болмауы. Алғашқы былдыр, гуілдеу, жеке сөздерді қолданбауы ата-ананы уайымдады. Бала 18-24 айға толса, психологиялық-педагогикалық-медициналық диагностика жасап, баланың даму қабілетін тексеруге болады.

Сөйлеу тілінің дамуы жеке тұлғаның тұлғалық бейнесінің қалыптасуына, танымдық қабілетінің артуына және қоғамға кіріктіруде маңызды роль атқарады. Осы бір қабілеттің аутизмі бар балаларда дамуы төмен деңгейде болады. Әсіресе, сөйлеу тілінің қалыптасуында лексико-семантика жағы маңызды болып табылады. Семантика – санаға

келген ақпараттың мәз-мазмұнын зерттейді. Аутист балалардың сөйлеу тілінің лексико-семантика жағы аутизмнің ауырлығына және баланың танымдық қабілетіне байланысты. Яғни, бұл балаларда лексикалық сөздік қоры шектеулі, сөздерді мағыналарын категорияларға бөлуді ұйымдастыра алмайды және объектілер арасындағы байланысты ажырата алмайды. Сөздерге семантикалық парафраз жасай алмайды. Алайда, жоғары функциялды аутист балаларда лексико-семантикалық жағы жақсы дамыған.

Көптеген зерттеушілер (U. Frith, Dunn & Dunn, Tager-Flasberg, Menuyk & Quill, Bernstein, Teigerman, I. Vogindroukas, V. Papageorgiou, P. Vostanis және басқалары) аутизмді түзетіп, ортаға кіріктіру мақсатында сөйлеу тілін дамыту керек, әсіресе, лексико-семантика жағын деп пайымдаған. Осы лексико-семантика жағы арқылы аутист балалардың сөйлеу алу қабілетін арттыру арқылы келешекте аутист баланы қоғамға кіріктіруге мүмкіндік туады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Francesca Appe Introduction to the psychological theory of autism.* - М.: Terevinf, 2009 - 25 p.
2. *Patricia Howlin, Iliana Magiati, Tony Charman Systematic review of early intensive behavioral interventions for children with autism // American Journal on Intellectual and Developmental Disabilities – 2009. - № 114(1). – 25 p.*
3. *Charlotte DiStefano, Damla Senturk, Shafali Spurling Jeste ERP evidence of semantic processing in children with ASD // Developmental Cognitive Neuroscience [Electronic resource] – 2019. – №36:100640 doi:10.1016/j.dcn.2019.100640.*
4. *Verónica Moreno Campos, Maite Montagut Asunción, Gemma Pastor Semantic processing in children with autism spectrum disorder // International Journal of Developmental and Educational Psychology – 2021. - №1(2). – 166 p.*
5. *Nikiforova E.A. Speech therapy work on the development of the semantic side of speech in older preschoolers with general speech underdevelopment: 44.03.03: 2018 - Belgorod 2018. – 10 p.*
6. *Egorova N. Y. Mechanisms of assimilation and possible ways of developing the semantic side of speech in older preschool children with general underdevelopment of speech as one of the most important components of inclusion // Scientific and methodological electronic journal "Concept" – 2018. – № VI0. – 0,4 п. л. – URL: <http://e-koncept.ru/2018/186100.htm>.*
7. *Ioannis Vogindroukas, V Papageorgiou, Panos Vostanis Pattern of Semantic Errors in Autism // Autism. – 2003. - № 7(2) – 200 p*